БҰЙРЫҚ

30.12.2025 г. № 87-Ө

2026 жылғы 23 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» № 85-Ө бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар» туралы Заңының 6 - бабының 6 - тармағына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 28-тармақ 3-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 23 желтоқсандағы Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға арналған «Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» № 85-Ө бұйрығына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. 158 «Ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша қызметтік қажеттілікке байланысты Мемлекеттік сатып алу заңының 16-бап 3-тармақ 28) тармақшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін;

1.2. 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша қызметтік қажеттілікке байланысты Мемлекеттік сатып алу заңының 16-бап 3-тармақ 28) тармақшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін;

1.3.159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша «жалға алынған ғимаратқа техникалық қызмет көрсету, күзет және қызмет көрсету» бойынша қызметтерді Мемлекеттік сатып алу заңының 16-бап 3-тармақ 38) тармақшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін;

1.4. 153 «Көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша қызметтік қажеттілікке байланысты қызметтік қажеттілікке байланысты екі ай мерзімге келісім шартқа отыру мақсатында Мемлекеттік сатып алу заңының 16-бап 3-тармақ 35) тармақшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін;

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы **Б. Алекенова**